

(жұмыс түрінің атауы))

(білім алушының аты-жөні)

(мамандық атауы және шифр)

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба **36.** бет

Дипломдануға жоға берілген топсармаға снікес ерон-
далған. Баламау лимитотыг ыкметтерді дурм
алған. Оса туртау үйдің, келіпту күйсін то-
баауда калу ыкметке, калу тожыну, келіп-
ту өслабонға есебі тфе ыкметке есел
ыкметке.

Дипломда, жобада келесдей кемшіліктер кездесет:

- орфографиялық қателіктер;
- нұсқалықтар, есебінде қателіктер табылған.

Жұмысты бағалау

Студент Сембаба Н.М. бағлау мақсрыматарда сәтті орындады. Мақсрыма өзіне өз бетімен іздей кұрдым бағыткеріп жұрызды, таје тірмелік, материал-дармен тұлмас мақсат кезінде өзінің қабілеттілі-гін көрсетті. Сембаба Н.М. өте мақсат 95% тайық

Сын-пікір беруші

интереса ПСЧ "ВИМЕС"

(ҚҰМЫ)

(АТЫ-ЖӨНІ)

« 12 »

2022 ж.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Сембина Дана Мирзагалиевна

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және пифр)

Тақырып: Ақтөбе қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау.

Дипломдық жоба берілген тапсырмаға сәйкес орындалды. Жылыту жүйесін жобалау үшін келесі есептер: қоршаушы құрылымдарының жылу техникалық, жылу жоғалуы, жылыту аспабының жылулық есебі және гидравликалық есебі есептелінді. Теориялық білімін қолданып, мәселердің шешімін таба алатынын көрсетті және де компьютерлік программалармен жұмысты жақсы меңгергенін дәлелдеді. Студент барлық тапсырмаларды сәтті орындады.

Білім алушы Сембина Дана Мирзагалиевна 5B075200 “Инженерлік желілер және жүйелер” мамандығы бойынша техника және технологиялық бакалавры дәрежесін беруге лайықты. Жоба бағасы 85 %

Ғылыми жетекші

тех. ғыл. канд., қауым. проф.



(қолы)

Шегенбаев А.Т.

« 11 » 05 2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Сембина Дана

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Ақтөбе қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау.docx

Научный руководитель: Амирхан Хойшиев

Коэффициент Подобия 1: 6.5

Коэффициент Подобия 2: 0.8

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 40

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата

29.04.2022.

Заведующий кафедрой

Амиров Р.
Мир

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагияттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Сембина Дана

Тақырыбы: Ақтөбе қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау.docx

Жетекшісі: Амирхан Хойшиев

1-ұқсастық коэффициенті (30): 6.5

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0.8

Дәйексөз (35): 0.2

Әріптерді ауыстыру: 40

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 28.04.2022.

Кафедра меңгерушісі

Амирова
Ами

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Сембина Дана

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Ақтөбе қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау.docx

Научный руководитель: Амирхан Хойшиев

Коэффициент Подобия 1: 6.5

Коэффициент Подобия 2: 0.8

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 40

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 29.04.2022

 проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Сембина Д.М.

«Ақтөбе қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
Алимова К.К.
«11» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “Ақтөбе қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін
жобалау”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған



Сембина Д. М.

Пікір беруші

«12» 05 2022 ж.
«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы
Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты
Алимова К.К.



Жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. проф.
Шегенбаев А.Т.
«10» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

Алимова К.К.
«24» *01* 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Сембина Дана Мирзагалиевна

Тақырыбы: Ақтөбе қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Университет Басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі

2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Ғимарат қабаттарының жобасы, орналасу орны, сыртқы қоршаушы құрылымдар материалының сипаттамалары мен қаланың климаттық параметрлері.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім: Қоршаушы құрылымдардың жылутехникалық есебі; бөлмелердің жылу жоғалу есебі; жылыту аспаптарының жылулық есебі; гидравликалық есебін қарастыру;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы: Еңбек шығынының калькуляция есебі, күнтізбелік жоспар, жұмысшылардың қозғалыс графигі;

в) Экономика бөлімі: Келтірілген шығын есебі, негізгі технико-экономикалық көрсеткіштер.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Жертөле және 1-ші қабат жоспары; 2) Типтік қабат жоспары; 3) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы (оң жақ қатар); 4) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы (сол жақ қатар); 5) Күнтізбелік жоспар.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	<i>орындауға</i>
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	<i>орындауға</i>
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	<i>орындауға</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн. ғыл. д-ры, профессор	07.04.2022	<i>[Signature]</i>
Экономика бөлімі	А.Т. Шегенбаев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	25.04.2022	<i>[Signature]</i>
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	06.05.2022	<i>[Signature]</i>

Жетекші

[Signature] Шегенбаев А.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

[Signature] Сембина Д.М.

Күні

«24» 01 2022 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста Ақтөбе қаласындағы 7 қабаттық тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау қарастырылады. Негізгі мақсаты тұрғын үй бөлмелерінде адамға қолайлы температуралық жағдай жасау болып табылады. Яғни, есептеулер жүргізу кезінде ғимараттың барлық ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи жылу аспаптары арқылы жылыту жүйесін жобалаудан тұрады.

Жобаның негізгі бөлімі жылыту жүйесінің жылу техникалық, жылу жоғалу, жылыту қондырғысының жылулық есебі және гидравликалық есептерінен тұрады, ал құрылыс жұмыстарының ұйымдастыру бөлімінде жинақтау жұмыстарының шығындары мен күнтізбесі көрсетілген және экономика бөлімі жалпы шығын мөлшеріне негізделген.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе рассматривается проектирование системы отопления 7-этажного жилого дома в г. Актобе. Основной целью является создание комфортных температурных условий для человека в жилых помещениях. То есть расчет заключается в проектировании системы отопления с помощью современных отопительных приборов с учетом всех особенностей здания.

Основная часть проекта состоит из теплотехнических, теплотерь системы отопления, теплового расчета отопительных установок и гидравлических расчетов системы отопления, а в организационном разделе строительных работ отражены затраты и календарь сборочных работ, а в экономическом разделе - общая сумма затрат.

ABSTRACT

In this thesis, the design of the heating system of a 7-storey residential building in Aktobe is considered. The main goal is to create comfortable temperature conditions for a person in residential premises. That is, the calculation consists in designing a heating system using modern heating devices, taking into account all the features of the building.

The main section of the project consists of the thermal engineering, heat loss of the heating system, thermal calculation of heating installations and hydraulic calculations, while the organizational section of the construction work shows the costs and calendar of assembly works and the economic section is based on the amount of total losses.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобаға керекті бастапқы мәліметтер	8
1.2 Сыртқы қоршау құрылымдарының жылутехникалық есебі	8
1.3 Сыртқы қоршаушы құрылымдар арқылы бөлмедегі жылу жоғалу есебі	16
1.4 Жылыту құрылғысының жылулық есебі	17
1.5 Тұрғын үй жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	20
1.6 Суараластырғыш – элеватор	21
2 Құрылыс жұмыстарының ұйымдастыру технологиясы	26
2.1 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі	26
2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау	27
2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	27
2.4 Көліктің қажеттілік есебі	28
2.5 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	29
3 Экономика бөлімі	31
3.1 Келтірілген шығын есебі	31
ҚОРЫТЫНДЫ	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	35
ҚОСЫМШАЛАР	37

КІРІСПЕ

Жылыту деп бөлме ішінде температураны белгілі бір жүйе арқылы бір деңгейде ұстап тұру, яғни сыртқы қабырға конструкциялары, еден және төбе жабын арқылы жоғалатын жылу мөлшерін орнатылған жылыту аспабы көмегімен толтыру.

Жылыту жүйесінің атқаратын бастапқы міндеті күнделікті тұрмыста, жұмыста адамның жұмыс істеу қабілетіне кедергі жасамайтын ғимарат бөлмелеріндегі жылулық жағдай, яғни комфортты температура жағдайын қамтамасыз ету болып табылады. Ол үшін жылытылатын кезеңде бөлмедегі температуралық жағдай жайлы болуын қамтамасыз ететін жылыту аспаптарын таңдау кезінде және де жылыту жүйесін жүзеге асыруға барлық есептік деректердің дұрыс жүргізілгенін талап етілетін барлық нормаларға сай екенін ескеру қажет. Бұны жүзеге асыру үшін менің жобамда есептеулердің жүргізілу тәртібін айтып кетсем.

Біріншіден сыртқы қоршауларға оңтайлы материал таңдау арқылы конструкциялардың жылу техникалық есебі жүргізілді. Есептеуді сол қоршау конструкцияларынан жоғалатын жылу мөлшерін анықтаумен жалғастырдым. Келесі ретте анықталған жылу мөлшері арқылы жылыту қондырғыларының есебі және гидравликалық есептеулер қарастырылды.

Дипломдық жобаның келесі бөлімінде құрылыстың ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуі көрсетілді, яғни еңбек шығындарын калькуляциялау және жұмысшылардың күнтізбелік жоспары және монтаждық жұмыстардың жүргізілуі.

Келесі бөлім осы жылыту жүйесін жобалап жүзеге асыруға кеткен шығындар көлемі есептелетін экономикалық есеп, яғни қаражат мөлшерін анықтауға арналды.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобаға керекті бастапқы мәліметтер

Ақтөбе қаласындағы жеті қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалауға құрылыстың елді мекеніне қатысты климатологиялық және құрылыс объектісінің бастапқы деректері:

- жобалау ауданы – Ақтөбе қаласы;
- ғимарат атауы – Тұрғын үй;
- қабат саны – 7 қабат;
- қабат биіктігі – 3 метр;
- жылыту кезеңі үшін ең суық бескүндіктің ауасының температурасы 0,92 қамтамасыздықпен $t'_0 = \text{минус } 15,1\text{ }^{\circ}\text{C}$;
- жылыту кезеңі үшін орта тәуліктік ауа температурасы 8 градустан кіші немесе тең жылытылатын кезеңнің ұзақтылығы $n_0 = 199$ тәулік;
- жылыту кезеңінің температурасы (орта тәулікті ауа температурасы 8°C -тан кіші немесе тең шарт) $t_{\text{om}} = \text{минус } 6,2\text{ }^{\circ}\text{C}$;
- жылыту кезеңінде желдің орташа жылдамдығы $v = 2,5\text{ м/с}$.

1.2 Сыртқы қоршау құрылымдарының жылу техникалық есебі

Жылыту жүйесін жобалауда ғимараттың құрылымдық элементтерінің жылу-физикалық ерекшеліктері ескерілуі керек.

Ғимараттың қоршаушы конструкциялары деп біз ғимараттың ішкі кеңістігін сыртқы ортадан шектейтін құрылыс конструкцияларын айтамыз, оларға ғимарат қабырғалары, төбе жабын, еден және терезе құрылымдары жатады.

Жылыту жүйесінің негізі болып табылатын жылу техникалық есепке бөлменің ішкі микроклиматтық жағдайы, яғни бөлме ішкі температурасы мен ылғалдылығы нормаланған санитарлы-гигиеналық және құрылыс-техникалық талаптарға сай қамтамасыз етілуі, және де қоршаудың жылу қорғау сапасына әсер ететін құрылымдық шешімінің ылғалдылық режимі, қоршау конструкцияларын пайдалану мерзімінің ұзақтылығы байланысты.

Осы микроклиматтың нормативтік параметрлерін қамтамасыз ету қоршаушы құрылымдардың жылу оқшаулағыш материалын және оңтайлы қалыңдығын дұрыс анықтау арқылы жасалады. Бұл мақсатты орындау үшін керекті есептеулер жүргізіледі, оларға жылуберудің келтірілген кедергісі және жылу оқшаулағыш материалының қалыңдығын табу арқылы қоршау конструкция жылу кедергісі жатады.

Біртекті құрылымның жылу кедергісі R , $(\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C})/\text{Вт}$, мына формула бойынша анықталады:

$$R = \frac{\delta}{\lambda}, \quad (1.1)$$

мұндағы δ – материал қабат қалыңдығы, м;

λ – қабат материалының жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/(м²·°C), (қоршау құрылымдарын пайдалану шарттарын ескере отырып ҚР ҚНЖЕ-ден анықталады).

Ал бірнеше қабатты құрылым жылу кедергісі R_k , (м²·°C)/Вт, мына формула бойынша анықталады:

$$R_k = R_1 + R_2 + R_3 + \dots + R_n, \quad (1.2)$$

мұндағы R_1, R_2, R_n – бір қабаттың жылу кедергісі, (м²·°C)/Вт, (1.1) формуласымен анықталған.

Қоршау конструкцияларының жылу беру кедергісі R_0 , (м²·°C)/Вт, келесідей анықталады:

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_i} + R_k + \frac{1}{\alpha_c}, \quad (1.3)$$

мұндағы α_i – қоршау конструкцияларының ішкі бетінің жылу беру коэффициенті, Вт/(м²·°C);

α_c – қоршау конструкцияларының сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті, Вт/(м²·°C).

Қоршаушы құрылымдардың жылу беруіне қажетті кедергі R_0^{tp} , (м²·°C)/Вт, келесідей анықталады:

$$R_0^{tp} = \frac{n(t_i - t'_0)}{\Delta t^n \cdot \alpha_i}, \quad (1.4)$$

мұндағы n – сыртқы ауаға қатысты қоршау конструкцияларының сыртқы бетінің жағдайына байланысты алынған коэффициент;

t_i – ішкі ауа температурасы, °C;

t'_0 – сыртқы ауаның есепті температурасы, °C;

α_i – қоршау конструкцияларының ішкі бетінің жылу беру коэффициенті, Вт/(м²·°C);

Δt^n – бөлме ішкі ауа температурасы мен қоршау конструкциясының ішкі бетінің температурасы арасындағы нормативтік температуралық айырмашылық, °C.

Жылыту кезеңінің градус-тәулік ЖМГТ, °C·тәулік, – жылыту кезеңінің ұзақтығына ішкі ауа температурасының және сыртқы ауаның орташа температурасының айырмасының көбейтіндісіне тең.

$$\text{ЖМГТ}=(t_i-t_{om}) \cdot n_0, \quad (1.5)$$

мұндағы t_i – ішкі ауа температурасы, °C;

t_{om} – жылытылатын мерзімде сыртқы ауаның есепті орташа температурасы, °C;

n_0 – жылыту мерзімінің өту ұзақтылығы, тәулік.

(1.2) және (1.3) формулалардан оқшаулау қабатының жылу кедергісін $R_{ок}$, (м²·°C)/Вт, шығарамыз:

$$R_{ок}=(R_0^{есеп} - \frac{1}{\alpha_i} - \sum R_{к-ок} - \frac{1}{\alpha_c}), \quad (1.6)$$

мұндағы $R_{к-ок}$ – оқшаулау қабатын ескермегендегі барлық қабаттардың жылу кедергісі, (м²·°C)/Вт.

Онда оқшаулау қабатының қалыңдығы $\delta_{ок}$, м, келесідей анықталады:

$$\delta_{ок}=\lambda_{ок} \cdot R_{ок}, \quad (1.7)$$


мұндағы $\lambda_{ок}$ – оқшаулау қабатының жылуөткізгіштік коэффициенті, Вт/(м·°C).

Қоршаушы құрылымның жылуоқшаулағыш қабатының қалыңдығын тауып, сол қоршаудың жылуөткізгіштік кедергісін анықтап, жылуөткізгіштік коэффициенті k , Вт/(м²·°C), келесі формуламен анықталады:

$$k=\frac{1}{R_0}, \quad (1.8)$$

Менің дипломдық жобам бойынша сыртқы қабырғаның жылу техникалық есебі төменде көрсетілген.

Тұрғын үйдің сыртқы қабырғасының материалдарының құрылымы төменде 1.1 Кесте мен 1.1 Суретте көрсетілген.



1.1 Сурет – Сыртқы қабырға құрылымы

1.1 Кесте – Сыртқы қабырға құрылымы

Материал	Тығыздық ρ_0 , кг/м ³	Қалыңдығы δ , м	Жылу беру коэффициенті λ , Вт/м ² ·°C
Керамикалық кірпіш(қаптауыш)	1200	0,12	0,47
Оқшаулағыш қабат(маты минераловатные прошивные)	125	0,12	0,064
Газобетон	800	0,3	0,33
Ішкі әрлеу (цементті- күмді ерітінді)	1800	0,02	0,76

Тұрғын үйдің сыртқы қабырғасының жылу беруіне қажетті кедергісі (1.4) формуламен анықталады:

$$R_o^{тр} = \frac{1 \cdot (18 + 15,1)}{8,7 \cdot 4} = 0,951 \text{ м}^2 \cdot \text{°C/Вт}$$

Жылыту мерзімінің градус тәулігі (1.5) формуламен анықталады:

$$ЖМГТ = (18 - (-6,2)) \cdot 199 = 4815,8 \text{ °C} \cdot \text{т}$$

Жылуберудің келтірілген кедергісін ҚР ҚН 2.04-107-2013 анықтамасының 4 кестесі бойынша R_o^k - ны интерполяциялау арқылы табамыз:

$$R_o^k = \frac{3,5 - 2,8}{6000 - 4000} \cdot (4815,8 - 4000) + 2,8 = 3,085 \text{ м}^2 \cdot \text{°C/Вт}$$

Оқшаулау қабатының жылу кедергісін (1.6) формуламен есептейміз, яғни:

$$R_{ок} = 3,085 - \left(\frac{1}{8,7} + \frac{0,12}{0,47} + \frac{0,3}{0,33} + \frac{0,02}{0,76} + \frac{1}{23} \right) = 1,737 \text{ м}^2 \cdot \text{°C/Вт}$$

Осыдан жылуоқшаулағыш қалыңдығы (1.7) формуламен анықталады:

$$\delta_{ок} = 1,737 \cdot 0,064 = 0,111 \text{ м} \approx 120 \text{ мм}$$

Жылуоқшаулаудың жалпы қалыңдығы 120 мм болатын жағдайдан қоршаушы қабырғаның жылу беру кедергісі (1.3) формуласымен анықталады:

$$R_o = \frac{1}{8,7} + \frac{0,12}{0,47} + \frac{0,3}{0,33} + \frac{0,12}{0,064} + \frac{0,02}{0,76} + \frac{1}{23} = 3,223 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

Алынған нәтижеден мынадай қорытынды жасауға болады:

$$R_o \geq R_o^k$$


$R_o = 3,223 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт} > R_o^k = 3,085 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, сондықтан жылу окшаулау қабат қалыңдығы дұрыс таңдалған.

Жылуөткізгіштік коэффициенті (1.8) формуласымен анықталады:

$$k = \frac{1}{3,223} = 0,31 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$$

Терезенің жылутехникалық есебі.

Тұрғын үйдің терезесінің материалының құрылымы 1.2 Суретте көрсетілген.



1.2 Сурет – Терезе құрылымы

Терезелер әйнектерінің аралығы 12 мм болатын әйнекпакеттерден тұрады (4-12-4-12-4). Жылулық кедергісі $R=0,54 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$ және қалыңдығы $\delta=0,036 \text{ м}$ -ге тең болады.

Терезе үшін жылуберудің келтірілген кедергісі ҚР ҚН 2.04-107-2013 анықтамасының 4 кестесі бойынша интерполяциямен анықталады:

$$R_o^k = \frac{0,6 - 0,45}{6000 - 4000} \cdot (4815,8 - 4000) + 0,45 = 0,5112 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

Алынған нәтижеден мынадай қорытынды жасауға болады:


$$R \geq R_o^k$$

Жылуөткізгіштік коэффициенті (1.8) формуласымен анықталады:

$$k = \frac{1}{0,54} = 1,8 \text{ Вт/м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$$

Еденнің жылутехникалық есебі.

Тұрғын үй еденінің материалдарының құрылымы 1.2 Кесте мен 1.3 Суретте көрсетілген.



1.3 Сурет – Еден құрылымы

1.2 Кесте – Еденнің құрылымы

Материал	Тығыздық ρ_0 , кг/м ³	Қалыңдығы δ , м	Жылу беру коэффициенті λ , Вт/м ² ×°C
Темірбетонды плита	2500	0,22	1,92
Оқшаулағыш қабат(минвата каменная)	100	0,1	0,035
Керамзит	600	0,15	0,17
Цементті-құмды ерітінді	1800	0,05	0,76
Линолеум	1800	0,004	0,38

Еден үшін жылуберудің келтірілген кедергісі ҚР ҚН 2.04-107-2013 анықтамасының 4 кестесі бойынша интерполяциямен анықталады:

$$R_o^k = \frac{4,6 - 3,7}{6000 - 4000} \cdot (4815,8 - 4000) + 3,7 = 4,067 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

Оқшаулау қабатының жылу кедергісін (1.6) формуламен есептейміз:

$$R_{ок} = 4,067 - \left(\frac{1}{8,7} + \frac{0,22}{1,92} + \frac{0,15}{0,17} + \frac{0,05}{0,76} + \frac{0,004}{0,38} + \frac{1}{23} \right) = 2,835 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

Осыдан жылуоқшаулағыш қалыңдығы (1.7) формуламен анықталады:

$$\delta_{ок} = 2,835 \cdot 0,035 = 0,099 \text{ м} \approx 100 \text{ мм}$$

Жылуоқшаулаудың жалпы қалыңдығы 100 мм болатын жағдайдан еденнің жылу беру кедергісі (1.3) формуласымен анықталады:

$$R_o = \frac{1}{8,7} + \frac{0,22}{1,92} + \frac{0,1}{0,035} + \frac{0,15}{0,17} + \frac{0,05}{0,76} + \frac{0,004}{0,38} + \frac{1}{23} = 4,089 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

Алынған нәтижеден мынадай қорытынды жасауға болады:

$$R_o \geq R_o^k$$


$R_o = 4,089 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт} > R_o^k = 4,067 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, сондықтан жылу оқшаулау қабат қалыңдығы дұрыс таңдалған.

Жылуөткізгіштік коэффициенті (1.8) формуласымен анықталады:

$$k = \frac{1}{4,089} = 0,244 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$$

Төбежабынның жылу техникалық есебі.

Тұрғын үй төбежабының материалдарының құрылымы 1.3 Кесте мен 1.4 Суретте көрсетілген.



1.4 Сурет – Төбежабынның құрылымы

1.3 Кесте – Төбежабын құрылымы

Материал	Тығыздық ρ_0 , кг/м ³	Қалыңдығы δ , м	Жылу беру коэффициенті λ , Вт/м ² ×°С
Темірбетонды плита	2500	0,2	1,92
Оқшаулағыш қабат(минвата каменная)	100	0,1	0,035
Керамзит	600	0,15	0,17
Цементті-құмды ерітінді	1800	0,03	0,76
Битумды праймер	1400	0,001	0,27
Рубероид	600	0,005	0,17

Төбежабын үшін жылуберудің келтірілген кедергісі ҚР ҚН 2.04-107-2013 анықтамасының 4 кестесі бойынша интерполяциямен анықталады:

$$R_0^k = \frac{4,6 - 3,7}{6000 - 4000} \cdot (4815,8 - 4000) + 3,7 = 4,067 \text{ м}^2 \cdot \text{°C/Вт}$$

Оқшаулау қабатының жылу кедергісін (1.6) формуламен есептейміз:

$$R_{ок} = 4,067 - \left(\frac{1}{8,7} + \frac{0,2}{1,92} + \frac{0,15}{0,17} + \frac{0,03}{0,76} + \frac{0,001}{0,27} + \frac{0,005}{0,17} + \frac{1}{23} \right) = 2,855 \text{ м}^2 \cdot \text{°C/Вт}$$

Осыдан жылуоқшаулағыш қалыңдығы (1.7) формуламен анықталады:

$$\delta_{ок} = 2,855 \cdot 0,035 = 0,099 \text{ м} \approx 100 \text{ мм}$$

Жылуоқшаулаудың жалпы қалыңдығы 100 мм болатын жағдайдан төбежабынның жылу беру кедергісі (1.3) формуласымен анықталады:

$$R_o = \frac{1}{8,7} + \frac{0,2}{1,92} + \frac{0,1}{0,035} + \frac{0,15}{0,17} + \frac{0,03}{0,76} + \frac{0,001}{0,27} + \frac{0,005}{0,17} + \frac{1}{23} = 4,071 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

Алынған нәтижеден мынадай қорытынды жасауға болады:

$$R_o \geq R_o^k$$

$R_o = 4,071 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт} > R_o^k = 4,067 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, сондықтан жылу оқшаулау қабат қалыңдығы дұрыс таңдалған.

Жылуөткізгіштік коэффициенті (1.8) формуласымен анықталады:

$$k = \frac{1}{4,071} = 0,246 \text{ Вт}/\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}$$

1.3 Сыртқы қоршаушы құрылымдар арқылы бөлмедегі жылу жоғалу есебі

Ғимарат бөлмесіндегі температура жылыту жүйесінің жылу қуатына, сондай-ақ жылыту құрылғыларының орналасуына, сыртқы және ішкі қоршаулардың жылу физикалық қасиеттеріне, жылудың басқа көздерінің қарқындылығына және жылудың жоғалуына байланысты. Суық мезгілде бөлмедегі жылу негізінен сыртқы қоршау арқылы және белгілі бір дәрежеде ішкі қоршаулар арқылы жоғалады. Сонымен қатар, жылу бөлмеге енген сыртқы салқын ауаны жылытуға жұмсалады.

Сонымен, ғимараттың сыртқы қоршау конструкцияларынан жоғалатын негізгі жылу мөлшері $Q_{\text{нег}}$, Вт, келесі формуламен анықталады:

$$Q_{\text{нег}} = k \cdot A \cdot (t_i - t_0) \cdot n, \quad (1.9)$$

мұндағы k – қоршау конструкциясының жылу өткізгіш коэффициенті, $\text{Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C})$;

A – қоршау құрылымының ауданы, м^2 ;

t_i, t_0 – ішкі және сыртқы ауа температуралары, $^\circ\text{C}$;

n – қоршаушы құрылымдар сыртқы ауаға қатынасын ескеретін коэффициент, сыртқы қабырғаға $n=1$, терезеге $n=1$, еденге $n=0,75$, төбе жабынға $n=0,9$ деп қабылданады.

Қоршаулар арқылы жоғалатын негізгі жылу мөлшері көбінесе толық жылу жоғалу мөлшерінен азырақ әсер етеді, бұл жылу беру процесіне кейбір

факторлардың әсері ескерілмегендіктен. Жылу жоғалу қоршаулардың қалыңдығы және ондағы саңылаулар арқылы ауаның инфильтрация мен эксфильтрациясы әсерінен, сондай-ақ күн сәулесінің әсерінен өзгеруі мүмкін. Бұл қосымша жылу шығындары негізгі жылу жоғалу мөлшеріне қосылып толық жылу жоғалу мөлшерін құрайды.

Толық жылу жоғалу мөлшері $Q_{жж}$, Вт, келесідей анықталады:

$$Q_{жж} = k \cdot A \cdot (t_i - t_0') \cdot n \cdot (1 + \sum \beta), \quad (1.10)$$

мұндағы $\sum \beta$ – қосымша жылу жоғалуды ескеретін коэффициенттер жиынтығы, олар қабылданады: бөлмедегі екі сыртқы қабырғаға – 5 пайыз (0,05); сыртқы қабырға бағытына байланысты: шығыс, солтүстік – 10 пайыз (0,1), батыс – 5 пайыз (0,05), оңтүстік – 0; желдің жылдамдығына байланысты, егер V кіші 5 м/с-тан болса – 5 пайыз (0,05), ал V үлкен 5 м/с-тан болса – 10 пайыз (0,1).

Инфильтрацияға тиісті жылу жоғалуды $Q_{инф}$, Вт, төмендегі формуламен анықтаймыз:

$$Q_{инф} = 1,3 \cdot Q_{жж}, \quad (1.11)$$

Инфильтрацияға тиісті жылу жоғалулары жертөле қабатында есептелмейді.

Жылу жоғалуларды есептеу кезінде жеке қоршаулардың ауданы белгілі бір ережелер негізінде есептелуі керек. Әдетте, аудандарды сыртқы өлшеммен қабылдаймыз. Төбе жабын мен еден аудандары ішкі қабырға осьтері мен сыртқы қабырғаның ішкі беті аралығында өлшенеді. Ал сыртқы қабырға өлшемін ғимараттың сыртқы бұрышы мен ішкі қабырға осі арасында қабылдаймыз. Қабырға биіктігі қабат еденінен келесі қабат еден бетіне дейін қабылданады.

Бөлмелердің жылу жоғалу есебі әр қабатқа бөлек есептелінеді. Баспалдақтарды әріптермен (мысалға А, Б,...) белгілеп, оның да жылу жоғалуы бөлек есептелінеді.

Ал ғимарат жалпы жылу жоғалу мөлшері барлық қабат бойынша бөлмелер және баспалдақ клеткаларының қосындысына тең қабылданады. Менің жобам бойынша тұрғын үй жылу жоғалу есебі А.1 Кестесінде көрсетілген.


1.4 Жылыту құрылғысының жылулық есебі

Жылыту құралдары жылу тасымалдаушыдан жылытылатын үй-жайға жылу беруге арналған жылыту жүйелерінің негізгі элементтерінің бірі. Жылыту құрылғылары сыртқы қабырға бойында терезе астында орнатылады. Ал

бұрыштық бөлмелерде жылыту құрылғылары екі сыртқы қабырға бойында қойылғаны дұрыс. Сол бұрыштық бөлмелерде жылу жүктемесі құрылғылар арасында теңге бөлінеді.

Барлық жылыту құрылғылары бір-бірінен сыртқы түрімен, жылу беру мөлшерімен, өлшемдерімен және әзірленетін материалдардың әртүрлігімен ерекшеленеді. Егер бұрындары тұрғын үй бөлмелерінде шойын мен болат радиаторлары қолданылса, қазіргі кезде олар алюминий және биметалл радиаторларымен алмастырылуын кеңінен кездестіреміз.

Менің жобамда «Global R 500/80» секционды алюминий радиаторы таңдалды (1.5 Сурет). Бұл радиатордың монтаждық биіктігі $D = 500$ мм-ге тең, ал жалпы биіктігі $A = 590$ мм-ге тең, тереңдігі $C = 95$ мм, бір секция ұзындығы $B=80$ мм. Алюминий радиаторларын таңдауда бірнеше артықшылықтар жиынтығын көрсетуге болады, оларға: радиатордың жеңіл салмағы, ықшамдылығы, үнемділігі, сыртқы көрінісің әдемілігі жатқызамыз. Алюминий материалынан жасалған бұйымдардың өте жеңіл болуы оларды монтаждық жұмыстар кезінде, яғни тасымалдау және орнату жұмыстарына қолайлы әсері зор. Бұл алюминий құрылғыларының негізгі көрсеткіші ретінде жоғары жылу беру қасиетін ескеру керек, яғни осы артықшылығы арқасында жылыту құрылғысы бөлмедегі ауаны тез жылытуға қабілетті. Келесі ретте сыртқы көрінісі бөлмедегі архитектуралы талап жағынан кез келген интерьерге үйлесімділігінде ұмытпау керек. Бірақ биметалл радиаторлар сипаттамасына ұқсас келетіндіктен алюминий мен биметалл радиаторлар арасында таңдайтын болсақ бағасы жағынан алюминий жылыту құрылғылары тиімдірек. Жобама таңдалған радиатордың техникалық сипаттамалары 1.4 Кестеде келтірілген.



1.5 Сурет – «Global R 500/80» алюминий радиаторы

1.4 Кесте – «Global R 500/80» радиаторының техникалық сипаттамасы

Сипаттамасы	Өлшемі	Секциялар	Өлшемі
Жылу тасымалдағыштың 70°C - тағы жылу б.	197 Вт	Бір секцияның ішкі көлемі	0,46 л
Жұмыс қысымы	20 Бар	Бір секцияның салмағы	1,53 кг

1.4 Кестенің жалғасы

Сипаттамасы	Өлшемі	Секциялар	Өлшемі
Сынақ қысымы	30 Бар	Осьтер арасындағы арақашықтық	500 мм
Жылу тасымалдағыштың максимал мүмкін температурасы	110 ⁰ С	Секцияның ені	80 мм
Жылу тасымалдағыштың мүмкін сутек көрсеткіш интервалы (pH)	6,5-9,5	Секцияның тереңдігі	95 мм

Жылыту құрылғыларының жылулық есебі бөлмеде орналастырылуға қажет радиатор секция санын анықтау үшін жүргізіледі, ол үшін осы жылыту құрылғысының жылу беті есептелінеді.

Бөлмедегі жылыту құрылғының жылу беті $A_{жа}$, м², төмендегі формуламен анықталады:

$$A_{жа} = \frac{Q_{жа}}{k(t_{орм} - t_i)} \cdot \beta_1 \cdot \beta_2, \quad (1.12)$$

мұндағы $Q_{жа}$ – бөлме жылу жоғалу мөлшері, Вт;

k – жылыту құрылғысы жылу өткізгіштік коэффициенті;

t_i – бөлме ішкі ауа температурасы, °С;

β_1 – таңдалған жылыту құрылғысының қосымша ауданы арқылы жылу таратуын ескеретін коэффициент, жылыту құрылғысына байланысты қабылданады;

β_2 – жылыту құрылғылары сыртқы қабырға бойына орнатылатындықтан, сол қосымша жылу жоғалуды ескеретін түзету коэффициенті, жылыту аспабына байланысты қабылданады;

$t_{орм}$ – жылу тасымалдағыш, яғни судың орташа температура көрсеткіші, °С:

$$t_{орм} = \frac{t_1 + t_2}{2} = \frac{\tau_{см} - \tau_{02}}{2}, \quad (1.13)$$

мұндағы $t_1 = \tau_{см}$ – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы су температурасы, °С;

$t_2 = \tau_{02}$ – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы су температурасы, °С;

Екі құбырлы жүйеде $t_{орм} = \text{const.}$

Осы жылу беті көмегімен аспаптардың есепті саны $N_{жа}$, дана, анықталуы төмендегідей:

$$N_{\text{жа}} = \frac{A_{\text{жа}} \cdot \beta_4}{\varphi_c \cdot \beta_3}, \quad (1.14)$$

мұндағы β_4 – жылыту құрылғының бөлмедегі орналасу түрін ескеретін түзету коэффициенті, ашық орнатылғанда $\beta_4 = 1,0$; ал жабық орнатылғанда β_4 кіші 1,1-ден болып қабылданады;

β_3 – жылыту құрылғысының секция санын ескеретін түзету коэффициенті, егерде $A_{\text{жа}} = 2,0 \text{ м}^2$ болса $\beta_3 = 1,0$ деп қабылданады, ал басқа жағдайда $\beta_3 = 0,97 + 0,06 / A_{\text{жа}}$ ретінде қабылданады;

φ – таңдалған жылыту құрылғысының бір секциясының жылу беру ауданы, м^2 .

Жобамның жылыту аспабының жылулық есебі А.2 Кестесінде толықтай көрсетілген.

1.5 Тұрғын үй жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Негізгі жылыту жүйесінің гидравликалық есеп мақсаты осы жүйені жүзеге асыруда құбыр диаметрлерін таңдау және де жоғалатын қысым мөлшерін анықтаудан тұрады. Бұл есепті жүргізу үшін бірінші кезекте тұрғын үй жертөле жобасында жергілікті жылыту пункті және сол ЖЖП-дан бөлмелерге жылуды өткізу үшін желі, яғни магистральды құбырлар және тік құбырларын сұлбаларын сызу қажет етіледі. Келесі кезекте типтік қабат жоспарында жылыту аспаптарын белгілеп, тұрғын үй жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасының құрастырылуы жүреді. Тұрғызылған аксонометриялық сұлбада участоктар нөмерлері және олардың ұзындық мөлшерлері, жылу жүктемелері және су шығындары көрсетілуі тиіс.

Жоғалатын қысым ΔP , Па, анықталуы келесідей:

$$\Delta P = \Delta P_{\text{л}} + \Delta P_{\text{м}}, \quad (1.15)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{л}}$ – құбыр ұзындығына жоғалатын қысым мөлшері, Па;

$\Delta P_{\text{м}}$ – құбыр бойындағы жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым мөлшері, Па.

Яғни, учаскелерде қысым жоғалуы ұзындық бойынша және жергілікті кедергілерде жоғалатын қысымдар қосындысынан туындайды.

Ұзындықта жоғалатын қысым $\Delta P_{\text{л}}$, Па:

$$\Delta P_{\text{л}} = \rho \cdot V^2 / 2 \cdot l = R \cdot l, \quad (1.16)$$

мұндағы R – құбырдың 1 метр ұзындығында меншікті қысым жоғалу, Па/м.

Жергілікті кедергілердегі қысым жоғалу $\Delta P_{\text{м}}$, Па:

$$\Delta P_m = \sum \xi \cdot \rho \cdot V^2 / 2 = P_{\text{дин}} \cdot \sum \xi, \quad (1.17)$$

мұндағы $P_{\text{дин}}$ – динамикалық қысым, құбыр бойындағы су жылдамдығына байланысты қабылданады, Па;

$\sum \xi$ – жергілікті кедергілер қосындысы, әр участкаға бөлек есептелінеді.

Гидравликалық есептің жүргізілуі бірінші ретте айналымды сақинаға, яғни ол ЖЖП-дан бастап ең алыс жатқан тұтынушыға жүргізіледі. Содан кейін басқа да тік құбырларға есептеулер жалғастырылады.

Құбырларға оңтайлы диаметр таңдалуына екі көрсеткіш белгілі болуы қажет, оларға: орташа меншікті қысым жоғалу және де есепті су шығын мөлшері жатады.

Бұл көрсеткіштер келесідей анықталады:

$$R_{\text{opt}} = \frac{(1-\varphi) \cdot \Delta P_p}{\sum l}, \text{Па/м}, \quad (1.18)$$

$$G_o = \frac{Q_o}{c(t_1 - t_2)} = \frac{Q_o}{c(\tau_{\text{см}} - \tau_{o2})}, \text{кг/с}, \quad (1.19)$$

мұндағы φ - үйкелісте жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент, екі құбырлы жүйеде $\varphi=0,35$, ал бір құбырлы жүйеде $\varphi=0,5$;

Q_o – участок жылу жүктемесі, Вт;

c – су жылу сыйымдылығы, $c=4189 \text{ Дж/кг} \cdot ^\circ\text{C}$;

$t_1 = \tau_{\text{см}}$ – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы су температурасы, $^\circ\text{C}$;


$t_2 = \tau_{o2}$ – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы су температурасы, $^\circ\text{C}$.

Жоба бойынша жылыту жүйенің гидравликалық есебі А.3 және А.4 Кестелерінде жүргізілген. Ал участкаға есептелінетін жергілікті коэффициенттер қосындысы А.5 және А.6 Кестелерінде көрсетілді.

1.6 Суараластырғыш – элеватор

Жергілікті жылыту пункт жүйесінде суды араластыру қызметін суағынды элеватор жасайды. Элеватор арзан, қарапайым және сенімді жұмыс құрылғысы ретінде таралған.

Элеватордың жұмыс принципін айта кететін болсақ: ол салқындаған суды жоғары температуралы сумен араластыру үшін сорып алады және жүйеде су айналымын қамтамасыз ету үшін жылу станциясында желілік сорғы жасаған қысымның бір бөлігін жылу жүйесіне жібереді.



1-саптама; 2-алдыңғы камерасы; 3-араластыру камерасы; 4-мойын; 5-диффузор
1.6 Сурет – Суағынды элеватор

1.6 Суретте көрсетілгендей су ағынды элеватор конус тәрізді саптамадан 1 тұрады, ол арқылы G_1 мөлшеріндегі t_1 жоғары температуралы су айтарлықтай жылдамдықпен ағып өтеді. Келесі алдыңғы камерасы 2, онда G_0 мөлшерінде t_0 температулы салқындатылған су кіреді, араластыру камерасы 3 және мойын 4, мұнда араластыру және су жылдамдығының реттелу процестері жүреді. Келесі бізде диффузор 5.

Саптама арқылы жоғары жылдамдықпен өтетін су ағының айналасында төмен қысымды аймақ пайда болады, осылайша салқындатылған су жүйенің қайтатын құбыр бөлігінен алдыңғы камерасына тартылады. Мойын бөлігінде араласқан су саптамада өткен жылдамдықтан қарағанда аз, бірақ әлі де айтарлықтай жылдамдықпен өтеді. Ал диффузорда көлденең қима ауданының ұзындығы бойымен біртіндеп ұлғаюымен гидродинамикалық қысым төмендеп, гидростатикалық қысымның көтерілуі байқалады. Осы диффузор соңы мен элеватордың алдыңғы камерасындағы гидростатикалық қысымның айырмашылығы әсерінен жылу жүйесінің жұмысына қажет айналым қысымы пайда болады.

Элеватордың артықшылықтары: құрылғының басқа құрылғылар мен электр қуатынан тәуелсіздігі (бұл тек автоматты емес элеваторларға қатысты), элеваторлық схеманың (конструкцияның) қарапайымдылығы, қызмет көрсету кезінде жүйенің жеңілдігі, сыртқы ортадан тәуелсіз (әртүрлі температурадағы жылу тасымалдаушылардың араластыру коэффициенті сыртқы ортаның температурасына тәуелді емес), беріктік (қарапайым құрылғының арқасында элеватор бөлшектерді жөндемей және ауыстырмай ұзақ уақыт қызмет ете алады), функционалдылық (элеватор түйінінің тағы екі пайдалы функциясы бар – ол сорғы мен араластырғыш ретінде де әрекет етеді), төмен құны (элеваторды құрайтын металл бөлшектер арзан және сирек емес).

Суағынды элеваторлар жұмыста қарапайым және пайдалануда сенімді болғандықтан кең қолданылады, ал кемшіліктері: пайдалы әсер коэффициенті

кішкентай, сыртқы жылумен қамту жүйесінде апаттық жағдай кезінде жылыту жүйесінің айналуы тоқтайды, араластыру коэффициентінің тұрақтылығы жылыту жүйесінің жергілікті сапалық реттеуді жояды. Бұл кемшілікті жою үшін элеватор сопласының тесігінің аймағына автоматтық түрде реттеу қолданылады.

Элеваторды таңдау үшін белгілі бір есептеулер жүргізіліп, элеватор мойыны диаметрін анықтау арқылы стандартты өлшеммен дайындалатын №1÷№7 элеватор 1.5 Кестеден таңдалып, және осыған сәйкес араластырғыш камера диаметрі де белгілі болады.

1.5 Кесте – Элеватор өлшемдері

Элеватор нөмірі	Элеватор мойының диаметрі, мм	Келтірілген су шығыны, т/сағ	Масса, кг	Элеватор өлшемдері, мм				
				L	A	I	D	D ₁
1	15	0,5-1	8,1	425	90	110	145	160
2	20	1-2	8,1	425	90	110	145	160
3	25	1-3	14,4	625	135	145	160	195
4	30	3-5	14,4	625	135	135	160	195
5	35	5-10	14,4	625	135	125	160	195
6	47	10-15	18	720	180	175	195	215
7	59	15-25	18	720	180	155	195	215

Бірінші жалпы жылу желісінен түсетін су шығыны $G_{жж}$, кг/с, анықталады:

$$G_{жж} = \frac{Q_{ж}}{c \cdot (T_1 - T_2)}, \quad (1.20)$$

мұндағы $Q_{ж}$ – жылыту жүйесінің жалпы жылу шығыны, Вт;

c – су жылу сыйымдылығы, $c=4189$ Дж/кг·°C;

T_1, T_2 – су температуралары, °C.

Келесі болып элеватор араластыру коэффициенті u анықталады:

$$u = \frac{(T_1 - t_1)}{(t_1 - t_2)}, \quad (1.21)$$

Келесі жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны $G_{жж}$, кг/с:

$$G_{жж} = \frac{Q_{ж}}{c \cdot (t_1 - t_2)}, \quad (1.22)$$

мұндағы t_1, t_2 – жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырларындағы су температуралары, °C.

Төртінші болып элеватор мойыны диаметрі d_m , см анықталады:

$$d_m = 1,55 \cdot \frac{G_{жж}^{0,5}}{\Delta P_{ж}^{0,25}}, \quad (1.23)$$

мұндағы $\Delta P_{ж}$ – жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым мөөлшері, кПа.

Және осы есептелген мойын диаметрі арқылы элеваторды таңдап, элеватор саптамасының диаметрі d_c , см анықталады:

$$d_c = \frac{d_r}{1+u}, \quad (1.24)$$

Сосын элеватордың жұмыс жасауы үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым ΔP , Па есептелінеді:

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{жж}^2}{d_c^4}, \quad (1.25)$$

Менің суағынды элеваторды таңдаған есебім төменде көрсетілген.

Жалпы жылу желісінен түсетін су шығынын (1.20) формуламен есептейміз:

$$G_{жж} = \frac{67462}{4189 \cdot (150 - 70)} = 0,2013 \text{ кг/с} = 0,725 \text{ т/сағ}$$

Келесі болып элеватор араластыру коэффициенті (1.21) формуласымен анықталады:

$$u = \frac{(150 - 95)}{(95 - 70)} = 2,2$$

Келесі жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны (1.22) формуласымен анықталады:

$$G_{жж} = \frac{67462}{4189 \cdot (95 - 70)} = 0,644 \text{ кг/с} = 2,318 \text{ т/сағ}$$

Төртінші болып элеватор мойыны диаметрі (1.23) формуласымен анықталады:

$$d_m = 1,55 \cdot \frac{2,318^{0,5}}{7,876^{0,25}} = 1,4 \text{ см} \approx 1,5 \text{ см} = 15 \text{ мм}$$

Алынған нәтиже бойынша (1.5) кестеден №1 элеватор таңдалынды, оның өлшемдері: L=425; A=90; I=110; D=145; D₁=160.

Осыдан элеватор саптамасының диаметрін (1.24) формуласымен анықталады:

$$d_c = \frac{15}{1 + 2,2} = 4,687 \text{ мм} \approx 5 \text{ мм} = 0,5 \text{ см}$$

Элеватордың жұмыс жасауы үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысымды (1.25) формуласымен анықталады:

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{0,725^2}{0,5^4} = 53 \text{ Па}$$

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Құрылыстағы технологиялық процестер деп материалдық-техникалық ресурстардың ең аз деген мөлшерімен белгіленген мерзімде сапалы құрылыс өнімдерін алу үшін құрылыс материалдары мен конструкцияларын өңдеуге бағытталған құрылыс процестерін орындау әдістерін зерттейтін ғылымды айтамыз.

Құрылыс өндірісі елімізде индустриялық негізде дамып келеді. Бұл ғылыми техникалық прогресс еңбек шығындарын төмендетуге, құрылысшылардың жаңа өнімділгі жоғары көліктер мен механизмдер, тиімді механикаландырылған құралдарды қолдануына ықпал етеді.

Құрылыс өндірісін ұйымдастыру әрбір құрылыс жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі жобалық құжаттамамен қамтамасыз етілуі тиіс. Жобалық құрылыс құжаттамаларға: құрылысты ұйымдастыру жобасы (ҚҰЖ), жұмыстар өндірісін жобалау (ЖӨЖ), технологиялық карталар (ТК), еңбек процестерінің карталары (ЕПК) жатады.

Жоба бойынша жылыту жүйесінің құрылыс-монтаждық жұмыстары қарастырылады. Осы құрылыс-монтаждық жұмыстарын орындаудың ең тиімді әдістерін анықтау арқылы олардың өзіндік құны мен еңбек шығындарын төмендету, объектілер құрылыс мерзімінің ұзақтығын қысқарту, құрылыс машиналары мен жабдықтарын пайдалану дәрежесін арттыру сияқты процестерді жүзеге асырамыз.

Жылыту жүйесінің монтаждық жұмыстарды жүзеге асыру келесідей процестерден тұрады:

- монтаждық жұмысқа дайындық процестері, яғни жұмысты технологиялық құжаттамалармен қамтамасыздандыру, жылыту жүйесін жүзеге асыруға керекті бұйымдарға тапсырыс беру, жинақтау, әкелу;

- келесі жылыту жүйесі элементтерін жинақтау, яғни құбырлардың, жылыту құрылғыларының бекіту, төсеу, монтаждық жұмыстары;

- соңғы кезекте құрастырылған жылыту жүйесін тексеру, яғни сынақтардан өткізіп пайдалануға тапсыру.

Жобада осы айтылған жылыту жүйесін орнатуға еңбек шығындар калькуляциясы және жұмысшылардың күнтізбелік жоспар графигі тұрғызылып, технологиялық карта құрастырылды.

2.1 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі

Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу бойынша сметалар жасау үшін жұмыс көлемі түгендеу жоспарларында келтірілген жобалар, заттай өлшеу және өлшемдер бойынша есептеледі. Жекелеген конструкциялардың көлемін және жұмыс түрлерін есептеудегі өлшем бірліктері сметалық нормаларда қабылданған және құрылыс нормалары және ережелерінің тиісті тарауларының техникалық бөліктерінде келтірілген өлшем бірліктеріне дәл сәйкес келуі тиіс.

Жұмыс көлемін есептеулердің барысы мен олардың реттілігін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін типтік диаграммалар, эскиздер мен кестелер бойынша есептеу ұсынылады. Бұл екінші адамның есептеулерін тексеруді айтарлықтай жеңілдетеді. Жұмыстарды есептеу үшін осы жұмыстардың ерекшеліктерін ескеретін кестелер қолданылуы керек. Жұмыс көлемін есептеу белгілі бір ретпен жүргізілуі керек. Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі Ә.1 Кестеде көрсетілген.

2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау

Еңбек шығындарын калькуляциялау деп жұмыс кезінде еңбек шығындарын және жұмысшылар жалақыларының жинақталған кестесін айтамыз. Шығындар объектінің немесе өнімнің жоспарланған немесе нақты құнын анықтауға мүмкіндік береді және оларды бағалау үшін негіз болып табылады. Осы еңбек шығындарының есебі тиісті “Бірыңғай Нормалар және Бағалар” (БНжБ) бойынша жұмыс көлемінің негізінде жүзеге асырылады.

Еңбек шығындарының калькуляциясы кешенге кіретін барлық процестерді (механикаландырылған және қолмен) орындау үшін еңбек шығындарын, бригада құрамын және жұмысшылардың жалақысын анықтайды.

Еңбек шығындарының құны жұмыс өндірісінің күнтізбелік кестесін құруға, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді және құрылыс-монтаж жұмыстарының барлық түрлерін орындау мерзімдерін анықтауға негіз болады.

Менің дипломдық жобам бойынша еңбек шығындарын калькуляциясы толықтай Ә.2 Кестесінде көрсетілген.

2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі

Күнтізбелік жоспар – бұл құрылыс ұйымдастыру жобасының ең маңызды ұйымдастырушылы құжаты болып саналады. Бұл күнтізбелік кестені құрастыру үшін келесідей деректер талап етіледі:

- жоба бойынша жұмыс сызбалары;
- құрылыс-монтаждау жұмыстарының жалпы орындалу ұзақтылығы;
- құрылыс-монтаждық орнату шарттары туралы деректер;
- жұмыс көлемі тізімі және оның күрделілігі.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының тізімі күнтізбелік жоспарға олардың орындалу реттілігі бойынша енгізіледі. Шағын біртекті жұмыстар бір позицияға біріктіріліп, олардың көлемі мен еңбек шығындры жинақталады.

Күнтізбелік жоспар астына бүкіл құрылыс барысында жұмыс күшінің қозғалыс графигі құрылады. Жұмысшылардың қозғалыс графигі сол күн аралығында құрылыс-монтаждау жұмыс процестеріне қатысатын барлық жұмысшылар санын қосу арқылы жүзеге асады.

Күнтізбелік жоспар дұрыс құрастырылуын жұмысшылар қозғалысының бірқалыпсыз коэффициенті арқылы тексереміз. Егер жұмысшылар қозғалысының бірқалыпсыз коэффициенті 1,5-тен көп болмауы керек, егерде асқан жағдайда күнтізбелік жоспарда реттеу жұмыстарын жүргізу қажет болады. Оны келесі формуламен анықтайды:

$$K = \frac{n_{\max}}{n_{\text{ор}}}, \quad (2.1)$$

мұндағы $n_{\text{ор}}$ – жұмысшылар орташа саны, адам.

$$n_{\text{ор}} = \frac{\sum Q}{T \cdot K}, \quad (2.2)$$

мұндағы $\sum Q$ – i -ші жұмыс юойынша жылу сыйымдылық, адам-күн;

T – жинақтау жұмысының ұзақтылығы;

K – өнімді қайта орындаудың орташа коэффициенті, қабылдаймыз $K=1$ деп.

Жоба бойынша жұмысшылар орташа саны (2.2) формуласымен анықтаймыз:

$$n_{\text{ор}} = \frac{133,15}{20} = 7 \text{ адам}$$

Ал жұмысшылар қозғалысының бірқалыпсыз коэффициенті (2.1) формуласымен анықталды:

$$K = \frac{8}{7} = 1,14.$$

2.4 Көліктің қажеттілік есебі

Басты транспорт түрі – ернеулі автокөлігі. Транспорт санын анықтау үшін, дана:

$$N = \frac{Q}{P_{\text{тәу}} \cdot T}, \quad (2.3)$$

мұндағы Q - тасымалданатын жүктің саны, $Q = 3,9$ тонн;

T – тасымалдау күнінің саны, 1 күн деп қабылданады;

$P_{\text{тәу}}$ – автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы, т/ауысым:

$$P_{\text{тәу}} = q \cdot n_p, \quad (2.4)$$

мұндағы q – автокөліктің жүк көтергіштігі, 4 тонн тең деп қабылданады;
 n_p – ауысымдағы автокөлік рейстерінің саны, рейс:

$$n_p = \frac{t_{\text{см}}}{\left(\frac{2 \cdot L}{V_{\text{ор}}} \right) + t_n + t_p + t_m}, \quad (2.5)$$

мұндағы $t_{\text{см}}$ – ауысым ұзақтылығы, 8,2 сағ.;

L – базаға дейінгі арақашықтық, 15 км;

$V_{\text{ор}}$ – қаладағы орташа қозғалыс жылдамдығы, 20 км/сағ;

t_n – жүкті тиеу уақыты: $t_n = 0,095$, $q = 0,095 \cdot 4 = 0,38$;

t_p – жүкті түсіру уақыты: $t_p = 0,38$;

t_m – жүкті тиеу және түсіру маңында маневр жасау уақыты, 2 минут немесе 0,03 сағатқа тең деп қабылданады. Сонда ауысымдағы автокөлік рейстерінің саны:

$$n_p = \frac{8,2}{\left(\frac{2 \cdot 15}{20} \right) + 0,38 + 0,38 + 0,03} = 3,5 \text{ рейс.}$$

Ауысымдағы рейс саны 4 деп қабылданады. Онда автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы:

$$P_{\text{тәу}} = 4 \cdot 4 = 16 \text{ т/ауысым.}$$

Жоғарыдағы мәндер бойынша транспорт саны мынаған тең :

$$N = \frac{3,9}{16 \cdot 1} = 1 \text{ машина.}$$

Маркасы КАМАЗ 4326 автокөлігі қабылданады, жүк көтергіштігі 4 тонна.

Механикалық құралдар және бұйымдар есебінің мәліметтері Ә.3 Кестеде енгізілген.

2.5 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Еңбекті қорғау деп еңбек қызметі барысында қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-алдын алу және өзге де іс-шаралары мен құралдар жиынтығын айтамыз.

Қауіпсіздік техникасы – бұл жұмысшылардың қауіпсіз жұмыс жасауына және өндірісте жазатайым жағдайлардың алдын алу мақсатында ұйымдастырылатын техникалық іс-шаралар.

Жоба бойынша мен жылыту жүйелерін орнату кезіндегі қауіпсіздік техникасы төмендегідей.

Жылыту жүйесін орнату жұмыстарын орындау кезінде қызметкер қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы керек. Қауіпсіз жұмыс әдістерін білу және оларды орындау әр қызметкерге қажет. Тек осы жағдайлардың арқасында жазатайым оқиғалардан аулақ болуға болады.

Жылыту жүйелерін орнату жұмыстарын жүргізу кезінде жұмысшылардың қауіпсіздік ережелерін елемей жұмыс орнында жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

Өндірістік жарақаттану бірқатар себептер нәтижесінде пайда болады:

- дұрыс ұйымдастырылмаған жұмыс, сондай-ақ оны орындау бойынша алдын ала нұсқамадан өтпеген қызметкерлерді объектіге жіберу;
- қоршаулар мен сақтандыру құрылғыларының болмауы немесе ақауы;
- құрал-саймандар мен айлабұйымдардың бүлінген жай-күйі;
- жабдықтар мен механизмдерге қате қызмет көрсету.

Слесарлық құралды пайдалану кезінде келесі қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет:

- ақаулы немесе орындалған жұмысқа сәйкес келмейтін құралдарды қолдануға тыйым салынады;
- балғалар мен кувалдалар тұтқаларға мықтап бекітілуі және оларға сыналармен бекітілуі тиіс, ал олардың жанғыштары тегіс, сәл шығыңқы бетке ие болуы тиіс;
- кескіштерді бастың артқы жағымен қолдануға тыйым салынады;
- нашар бекітілген немесе бөлінген тұтқалары бар немесе тұтқалары жоқ егеулерді, қол араларды және бұрауыштарды қолдануға рұқсат етілмейді;
- кілттердің губкаларының астына металл төсемдерді қолдануға, сондай-ақ құбыр және гайка кілттерімен жұмыс істеу кезінде кілттердің тұтқаларына құбыр кесінділерін киюге жол берілмейді.

Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде:

- көзді жарық және көрінбейтін ультракүлгін, сондай-ақ инфрақызыл сәулеленудің зиянды әсерінен қорғау үшін бетті жабатын арнайы масканы қолданыңыз;

